

Махамбет ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 26 сәуірдегі № 133 "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" шешімінің күшін жою туралы

Атырау облысы Махамбет ауданы Махамбет ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 27 тамыздағы № 233 шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 29 тамызда № 4233 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35-бабына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабының 8) тармақшасына сәйкес және "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Махамбет аудандық Аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің бас мемлекеттік ветеринариялық-санитарлық инспекторының 2018 жылғы 11 шілдедегі № 14-11/187 ұсынысы негізінде Махамбет ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Махамбет ауылдық округі әкімінің "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" 2018 жылғы 26 сәуірдегі № 133 шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4144 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілердің эталондық бақылау банкінде 2018 жылғы 5 мамырда жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешімнің орындалысын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ауылдық округ әкімі

Б. Мынбаев